



МҰНАЙЛЫ АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

E-mail: munaily@mail.ru

МҰНАЙЛЫ

Газет 2007 жылдың
14 желтоқсанынан шыға бастады

№33 (563)

3 маусым, 2016 жыл

Газет әр аптаның жұма күні шығады

• Дін және қоғам

Имандылық үйі кеңейді

Атамекен ауылындағы "Ар Рахман" мешітінің кеңейтілуіне орай бейсенбі күні пайдалануға берілген қосымша ғимараттың ашылуы өтті. Мұнайлы аудандық мешіті боп саналатын "Ар Рахман" мешіті бұрын 500 адамдық болатын, ал мешітті жалғап әкеткен қосымша ғимарат мың орынды боп салынған. Енді имандылық үйінде бір уақытта мың жарым адам намазға тұра алады. Жаңадан бой көтерген нысанның салтанатты түрде ашылуына облыстық мәслихат депутаты Т.Әміров, облыс имамы С.Сейтбеков, Атамекен ауылы әкімі М. Қалжанов және ауыл тұрғындары мен мешіт ақсақалдары қатысты.



Алдымен қасиетті Құран оқылды. Облыс имамы С. Сейтбеков мешіттің қайырлы да құтты болуына дұға жасап, сонан соң тұрғындар алдына шығып, жаңа мешіттің ел игілігіне берілуімен құттықтады. Облыс имамы мешіт салудың сауапты іс екендігі жайында айтып, мешіт құрылысына ат салысқан барлық азаматтарға алғысын білдірді. Облыс депутаты Т.Әміров те өзінің құттықтау тілегін жеткізіп, мешіттердің көбеюі ұрпақ тәрбиесіне көп пайда тигізетінін, қоғамдағы ізгілік пен жақсылықтың өркен жаюына үлес қосатындығын сөз етті.

Жаңа ғимараттың лентасын мешіттің ең қарт Мейірбек атты ақсақал киып, ел азаматтары жаңа мешіт ішін аралады, сонан соң өкіл имамның имамдық етуімен екі ракағат шүкір намазы оқылды.

Анарғұл ЖЕКЕМБАЙ.

• Кәсібің-нәсібің!

«НЕСІБЕ» – АРЗАН ӘРІ ҚОЛЖЕТІМДІ

Жақында Басқұдық ауылындағы «Басқұдық» сауда орталығының жанынан жеке кәсіпкер Нұрлиева Зәкөн қажының «Несібе» атты шағын маркеті ашылды. Салтанатты шараға ауылдық округ әкімінің міндетін атқарушы М. Жұмабаев, ауылдық ардагерлер бастауыш ұйымының төрағасы Н. Көбеновтер қатысып, дүкен ішін аралап, тауарлардың тұрғындарға арзан, әрі қолжетімділігін көріп, кәсіпкерге ризашылықтарын білдірді.



– Біздегі тауарлар жалпы халық тұтынуға арналған халал бұйымдар. Спирттік ішімдіктер мен темекі өнімдерін мүлдем сатпаймыз. Осы шағын дүкенді ашу арқылы біз ауылдың 17 адамын тұрақты жұмыспен қамтып отырмыз, – дейді «Несібе» шағын маркетінің директоры Зәкөн қажы.

Басқұдық тұрғындарының қуанышына ортақтаса келген М. Өскінбаев атындағы облыстық филармонияның директоры Н. Құдусов, әншілер Асанәлі Көшеров, Марат Сафаровтар әннен шашу шашса, халықаралық, республикалық байқаулардың бас жүлдегері «Падишах» би тобы мың бұрала би билеп, көпшілік көңілінен шықты. Ауыл ақсақалдары мен қарттарға арналып ағаш үй тігіліп, мерекелік дастархан жайылды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

ЖАСТАР МҰРАЖАЙДЫ АРАЛАДЫ

31 мамыр – саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай аудандық жастар орталығының ұйытқы болуымен аудан жастары іргелі мәдени орталықтардың бірі – Маңғыстау облыстық тарихи-өлкетану мұражайын аралады.



Мұражай қызметкерлері келушілерді Каспий теңізінің флорасы мен фаунасына, Маңғыстаудың тарихы мен табиғатына, археологиясы мен этнографиясына, мұнай өндірісіне, еліміздің тәуелсіздік жылдарына, халық жазушысы Әбіш Кекілбаевтың өмірі мен шығармашылығына арналған көрме залдарымен таныстырды.

Әр зал өзіндік ерекшелігімен, мәліметтерінің молдығымен назар аударды. Мұражай қорынан Маңғыстау жартыаралын зерттеуші ғалымдар, зерттеу нәтижесінде табылған пайдалы қазбалар, ерекше фауна мен флора коллекцияларын, геологиялық суреттемелерді көруге болады. Ал тарих залында XIX ғасырдағы Маңғыстаудың әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайы баяндалды.

мақтай оқыған, көзі қарақты, діни сауатты, дәулет біткен азаматтары қудалауға ұшырады. Жаппай қудалау Маңғыстау жерінде де күшті қарқынмен жүрді. XIX ғасырдың аяғында жүргізілген санақ бойынша Маңғыстауда 250 мыңдай халық болған. Кенес үкіметі орнады. Репрессия бір емес, үш толқынмен жүріп өтті. Отан соғысы басталған уақытта біздің Маңғыстаудағы 250 мыңдай халықтан небәрі 10 мыңдай адам қалды. Бұл үлкен қуғын-сүргін болғандығын білдіреді, – деп өз ойымен бөліскен өлкетанушы, Қазақстан жазушылар Одағының мүшесі Отыншы Көшбайұлы бұл ешқашан ұмытылмайтын, халықтың жүрегінде мәңгілік сақталатын оқиға екендігін атап өтті.

Әсел ТАҢАТАРОВА.

• 1-маусым - Халықаралық балаларды қорғау күні



БАЛАМ – БАЛЫМ, КЕЛЕШЕК – НӘРІМ

«Бала – көңілдің гүлі, көздің – нұры» дегендей, бәріміз де балапан бала болдық. Талай рет анамыздың тәтті ұйқысын ұрлап, шырылдап жылағанбыз. Түн ортасы мазасызданып, қызулап ауырғанбыз. Тәртіпке бағынбай қиғылық салып, тентектік жасаған кездеріміз де болды.

Мұны сіз бен біз болып мойындайтын шығармыз. Себебі аспаннан дап-дайын күйінде салбырап түсе салған ешкімді көрмедім. Десек те, ата-ананың қадірін балалы болмайынша білмейміз ғой. Балалы болғаннан соң сәбиді бағып-қағу, күтіп-баптау ана атаулыға үлкен жауапкершілік артады. Бірақ бәрібір де өмірдің мәні мен сәні балаларымыз қуанса қуанатынымыз, мұнайса қосыла қайғыратынымызды қайтерсіз...

1 маусымдағы балалар мейрамын мұнайлылықтар айрықша атап өтті. Аудандық мәдениет үйінің ұйымдастыруындағы «Балалар – біздің болашағымыз» атты мерекелік шара бал тілді бүлдіршіндермен қызыққа толды. Мәдениет үйінің жас мамандары театралдық қойылымдар қойып, балабақша, мектеп жасындағы



балалар әннен шашу шашып, биден өрнек салды.

Мерекелік концертте аудан әкімінің орынбасары Берік Біләлов балаларды мерекемен құттықтап, еліміздің ақ, адал, абыройлы перзенттері болып, өсіп-өркендеуіне тілектестік білдірді.

Ұйымдастырушылар көрермен балаларды сурет салу, «Көңілді старт» сияқты сайыстарға қатыстырды. Белсенді ойыншыларды арнайы мерекелік сыйлықтармен марапаттап, тәтті-дәмділерді үлестіріп берді.

Әсел ТАҢАТАРОВА.



ТЕРРОРИЗМГЕ ҚАРСЫ КҮРЕС



«Қазақстанда терроризм, сепаратизм және экстремизм проблемалары бар. Әсіресе, халықаралық терроризмнің кең қанат жайғанын және халықаралық қауымдастық пен аймақтардың саяси-әлеуметтік және экономикалық мәселелермен ұштасып, саясиленғанын ескерсек, олардың тауарынан туындаған қауіп ойдан шығарылған нәрсе емес, нақты және шынайы өмірлік қауіп».

2001 ж. 11 қыркүйектегі АҚШ-тағы болған террорлық акт жаңаша сипат алып, терроризммен күрестің бұрын тарихта болмаған халықаралық жаңа кезеңіне негіз болды.

Осылайша терроризм проблемасы мен оны туындатушыларға органдар тарапынан айтарлықтай көңіл бөлініп отыр. Бүгінгі таңда Қазақстанда терроризмге қарсы әрекет ететін тұтас кешенді шаралар жасалып отыр деп сеніммен айтуға болады.

Соңғы кезде әлемнің көптеген елдері үшін терроризммен күрес мәселесі аса өзекті болып отыр. Шындығында, дін зайырлы қоғамымыздың ажырамас бөлігі болып табылады, сондықтан құзырлы мемлекеттік мекемелер еліміздегі діни қатынастарды одан әрі дамытуға әрқашан мүдделілік танытады.

Бүгінде әлеуметтік желілерде өз парақшаларын ашып, ой-пікірін білдіру сәнге айналды. Жастардың түрлі бейнероликтердің еліктеуіне еріп, Ауғанстанға аттанған Ақтаудың тұрғыны жөнінде саясаттанушы Досым Сәтпаев мәлімдеген болатын. Яғни 20 жылға сотталған жас жігіт өзінің алданғаны жөнінде және қатты өкінетіндігін де мойындаған еді.

Қазіргі кезде ең көп таралған лаңкестік – дінді бетперде етеді. Олардың негізгі мақсаттары – әртүрлі діни сенімдерді пайдалана отырып, адамдардың пікіріне әсер ету, билікті ұстап қалу, ұлтаралық соғыстар, талас-тартыстар ұйымдастыру, дінді саяси құрал ретінде пайдалану. Сол үшін лаңкестіктің пайда болу тарихын, оның түрлері мен алуан көріністерін, сондай-ақ қауіпін алдын алуды да біл-

ген абзал.

Терроризм – бұл қылышынан қаны тамып тұрған зұлмат. Терроризм барлық түрлері және көріністерімен, ауқымы және қанішерлігімен бүгінгі заманда ең өткір мәселеге айналады.

Бүгінгі таңда лаңкестік әрекеттер ауқатты дамыған елдерде де, жағдайы төмен кедей елдерде де орын алып отыр. Терроризмнің өріс алуы кез келген елдің әлеуметтік жағдайына қатысты емес, дінмен де үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Ол – өне бойы жауыздыққа толы індет. Бірде-бір мемлекет бұл қауіптерден аман қалған жоқ. Барлық араб және Африка елдері, Азия құрлығы, Ресей, АҚШ, Англия, Франция, Испания, Норвегия және тағы басқа елдер терроризммен бетпе-бет келіп, көптеген зардап шекті.

Соңғы кездерді экстремистер түрлі ғаламторда өздерінің теріс дінді насихаттайтуғын бейнероликтерді түсіріп, жастарды адастыруда. Бұл роликтерді көрген сайтты пайдаланушы діндар мен көрермендер түрлі психологиялық ойларға салынып, қауіптерге бел буатыны рас.

Сондықтан да мұсылман халқының жан-жақты дамуына ықпал етіп отырған дін ешуақытта да терроризм тудырмайды. Дегенмен адамзат баласына үрей, қауіп төндіретін террористік, экстремистік актілермен дүние жүзінің бүкіл мемлекеттері болып күресу қажет.

Айдос ЖАНЫЗАҚОВ,
аудандық ТЖБ аға инженері.

Мүлікті жария ету акциясын түсіндіру бойынша елді мекендерге шығу КЕСТЕСІ

№	Елді мекеннің атауы	Өткізілетін орны	Өткізілетін уақыты	Қатысушылар
1	Баянды ауылы	№3 орта мектеп ғимараты	7.06.2016 жыл, сағат: 15:00	Комиссия мүшелері
2	Басқұдық ауылдық округі	Басқұдық ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты	21.06.2016 жыл, сағат: 15:00	Комиссия мүшелері
3	Маңғыстау ауылы	№1 орта мектеп ғимараты	5.07.2016 жыл, сағат: 15:00	Комиссия мүшелері
4	Дәулет ауылдық округі	№4 орта мектеп ғимараты	27.07.2016 жыл, сағат: 15:00	Комиссия мүшелері
5	Қызылтөбе ауылдық округі	Қызылтөбе ауылдық мәдениет үйі	10.08.2016 жыл, сағат: 15:00	Комиссия мүшелері
6	Атамекен ауылдық округі	№7 орта мектеп ғимараты	24.08.2016 жыл, сағат: 15:00	Комиссия мүшелері
7	Батыр ауылдық округі	Батыр ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты	20.09.2016 жыл, сағат: 15:00	Комиссия мүшелері

• Сауаттылық сабағы

Тұтынушы, өз құқығыңызды қорғай білесіз бе?

Жыл сайын 15 наурызда әлемдік қоғамдық дүниежүзілік тұтынушылардың құқықтарын қорғау күні атап өтіледі. Биылғы жылы бұл күн «Мәзірден антибиотиктерді алып тастау» ұранымен өткізілді. Осы күнді мерекелеу шеңберінде елімізде ең ауқымды бір қатар іс-шаралар, яғни «Ашық есік», семинарлар, дөңгелек үстелдер, дәрістер, жедел зерттеулер өткізілді. Қоғамда өмір сүріп, біздер тұтынушылар әр уақытта тауарларды сатып алуға, әр түрлі қызметтерге жүгінеміз. «Тұтынушы» деген сөзді қалай түсінеміз?

Тұтынушы – Мемлекеттік және жекеменшік экономикалық шешімге ықпал ететін, өз қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін тауарларға тапсырыс беру немесе иелену ниеті бар, оларды иеленетін және пайдаланатын жеке тұлға. Әрбір адам немесе тұтынушы:

1. Өзінің денсаулығына, өміріне қауіп төндіретін тауарлардан, өндірістік процестерден қорғануға құқылы.
 2. Өзінің айтатын ойын тиісті органдарға жеткізуге;
 3. Тауарларды жалған жарнамалаудан, өтірік ақпараттар мен жарнамалардан қорғануға;
 4. Әр түрлі тауарларды және бәсекелестікке қабілетті тауар бағаларын таңдауға;
 5. Күнделікті тұтынатын тауарлар мен азық-түліктерді сапалы және қанағаттанарлық дәрежеде алуға.
 6. Өз ұсыныс, тілектерін қалдыруға құқылы.
- Бүгінде азаматтардың тауар тұтынуда түрлі келеңсіздіктерге тап болып

жататындықтарын жиі естіміз. Сапасыз тауар, бұзылған тағам, тізсең, толып жатқан көптеген жағдайлар тұтынушылар құқығының бұзылуына әкеліп соғуда. Тұтынушылардың құқықтарының бұзылуы көбінесе тауарды ауыстыру немесе кері қайтару кезінде орын алады. Сондықтан қазіргі таңда өз құқықтарыңызды білудің уақыты жеткен сияқты. Елімізде «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» 2010 жылғы 9 мамырда шыққан ҚР Заңы жұмыс істейді. Осы заңның 14-бабында тұтынушы азық-түліктік емес тауар өзіне берілген кезден бастап он төрт күн ішінде, егер сатушы (дайындаушы) бұдан да ұзақ мерзім жарияламаған болса, сатып алынған тауарды оның бағасында айырма болған жағдайда сатушымен (дайындаушымен) қажетті қайта есеп айырыса отырып, мөлшері, нысаны, ауқымы, пішіні, түсі, жиынтықталымы жағынан басқа, соған ұқсас тауарға айырбастап алуға құқылы делінген. Тек қана

дәрі-дәрмек, медициналық мақсаттағы заттар, шұлық бұйымдары, өсімдіктер мен жануарлар ауыстыруға жатпайды. Алайда тауарды ауыстыру немесе кері қайтару кезінде сатып алушы тауарды сатып алғандығын растайтын құжаттарды (чектер, фискальды чектер, кепілдік талондарын) қоса беруге тиісті. Егер тауарды сатып алу фактісін растайтын құжат жоғалып қалса немесе қандай да бір себептермен тұтынушыға берілмесе, егер тұтынушы тауарды осы сатушыдан (дайындаушыдан) сатып алу фактісін дәлелдесе, онда тауарды айырбастап беру немесе қайтарып алу жүргізуге тиіс.

Базарлардағы кейбір бутиктерде «Тауар ауыстырылмайды немесе кері қайтарылмайды» деген хабарландырулар жазулы тұрады. Егер сатып алынған тауарлар ауыстыруға немесе кері қайтаруға жатпайтындықтардың тізімінен болмаса, бұл хабарландырудың заңды күші жоқ. Ал сапасы сәйкес емес тауар болса, жоғарыда айтылғандай растайтын құжаттарды көрсетіп, сапалы тауарға айырбастауға құқылы. Сол себепті де тауар тұтынушы азаматтарға заңдық негізде құқықтарын қорғау туралы түсінік беру, жалпы халықты ақпараттандыру міндетіміз.

А. ТЕМІРҚАСОВА,
Маңғыстау бөлімшелік көліктегі
ТҚҚ басқарма басшысы

• Адам. Қоғам. Заң

ҚОҒАМДЫҚ ОРЫНДА ШЕМІШКЕ ШАҚҚАНЫ ҮШІН АЙЫППҰЛ ТӨЛЕДІ



Ештеңеден бейхабар Азамат көшкісін көпқабатты үйлердің бірінің алдында шемішке шағып отырған еді. Кенет жанына полицией жетіп келіп, осы іс-әрекетімен қоғамдық ортаны ластап жатқандығын жиырма төрттегі жігітке қатаң ескертіп, хаттама толтырып, ісін сотқа жолдады.

Азамат іс сотқа жолданғанын естіген соң барып қана қоғамдық ортаны ластағанын енді түсінгендей. Іс Ақтау қаласының мамандандырылған әкімшілік сотында қаралды. ӘҚБтК-нің 434-бабының 1 бөлігімен Азамат кінәлі деп танылды. Енді Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 434-бабының 1-бөлігіне назар аударсақ. 434-бап. Ұсақ бұзақылық.

Ұсақ бұзақылық, яғни қоғамдық орындарда былапыт сөйлеу, жеке тұлғаларға қорлап, тиісу, тұрғын үй-жайларды ортақ пайдалану орындарын, саябақтарды, скверлерді ластау, оның ішінде белгіленбеген орындарға коммуналдық қалдықтарды тастау және айналасындағыларға сыйламаушылықты білдіретін, қоғамдық тәртіпті және жеке тұлғалардың тыныштығын бұзатын басқа да осындай әрекеттер он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады, деп аталған заңда тайға таңба басқандай жазылған. Сот отырысында құқық бұзушы Азамат өз кінәсін толығымен мойындап, өзінің жұмыссыз жүргенін айтып, соттан жеңіл жаза тағайындауды сұраған. Ақтау қаласы мамандандырылған әкімшілік сотының қаулысымен Азамат аталған бап бойынша кінәлі деп танылып, оған 10 айлық есептік көрсеткіш көлеміндегі айыппұл сомасы 21 210 теңге 30 пайызға қысқартылып, 14 847 теңгеге айыппұл түріндегі жаза тағайындалған болатын.

Шындығында, абайсызда жасаған осындай әрекеттеріміз өзімізге бәле болып жабысып, зардабын тартуымыз әбден мүмкін. Заңда мұндай әрекеттерге айыппұл салумен қатар он тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алу анық жазылған. Сондай-ақ аталған іс-әрекетті бір жыл ішінде қайталап жасаса, 15 тәулікке дейін қамаққа алу көзделген. Яғни бір жасаған әрекеті өміріне сабақ болмағандар үшін әкімшілік айыппұлмен құтылу арман болмақ. Елімізде мұндай шаралар жиі жүргізілгенімен, қоғамдық жерлерде темекі тұқылын немесе шемішке қабығын лақтырып, отырған орындарын әбден ластап кететіндер санының азаймай отырғаны жасырын емес. Әрине, мұндай жазалар оларға сабақ болса игі. Сондықтан екі жүз теңге тұратын шемішкені шағамын деп, 21 210 теңге айыппұл төлемес үшін қоғамдық орында тәртіпті болғаныңыз абзал.

Райхан МУНАСАЕВА,
Маңғыстау облысы бойынша соттар әкімшісінің
құжаттамалық қамтамасыз ету басқармасының бас маманы

• Қайыңсіздік

АБАЙЛАҢЫЗ, ПОЕЗД!



Ақтау станциясындағы ішкі істер желілік бөлімінің қызмет көрсету учаскесінде мамыр айының 23-і мен 25-і күндері аралығында жасөспірімдер қылмыстарының алдын алу және ескерту, кәмелетке толмағандардың арасында әкімші-

лік құқық бұзушылықтарды анықтау, олардың түнгі мезгілде көшеге шығуын анықтау, балалардың жарақат алуы, жазатайым оқиғалар, жолаушылар поездарының өйнегін сындыру фактілерінің алдын алу мақсатында «Абайлаңыз, поезд!» атты жедел профилактикалық іс-шарасы өткізілуде.

Жедел профилактикалық іс-шарасының 2-ші күні көлік объектілерінен балалар бөлмесіне 7 кәмелетке толмаған жеткіншектер жеткізілген. ҚР ӘҚБтК-нің 442-бабы 2 бөліміне сәйкес екі ата-анаға жасы кәмелетке толмағандардың түнгі мезгілде көшеде болуына байланысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жазылып, ескерту берілді. Жалпы білім беру оқу орындарында, құқықтық тақырыпта 12 дәріс оқылып, оқушылар арасында түсінік жұмыстары жүргізілді.

Ақтау ст.ПЖБ-не қарасты, Бейнеу ст. ЖПБ-ның ювеналдық полиция тобының инспекторы, полиция капитаны Қ.Нұрғалиев мектеп оқушыларының жазғы демалыс күндері басталмас бұрын Бейнеу ауданының Абай атындағы жалпы орта білім беру мектебінде жоғарғы сынып оқушылары арасында, қылмыстар және құқық бұзушылық жасауға кәмелетке толмағандарды тартқан адамдарды, өздерінің кәмелетке толмаған балаларын тәрбиелеу бойынша міндеттерін орындамайтын ата-аналардың құқықтарынан айыру және шектеу бойынша, сондай-ақ мезгілсіз уақытта көшеде болуы мен кәмелетке толмағандарға Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі мен әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің баптарымен әкімшілік хаттама жасакталатындығы туралы түсінік берді.

Бүгінгі таңда Маңғыстау темір жол объектілеріне жақын орналасқан барлық білім беру ошақтарында аталмыш жедел профилактикалық іс-шарасы бойынша дәріс өткізіліп, оқушылармен пікір-ой алмасу жалғасуда.

Серік ОРАЗҒАЛИЕВ,
Ақтау ст. ЖПБ-ның ӘПБ бастығы

РАМАЗАН – НҰР ШАШҚАН АЙ



Қасиетті Рамазан айының кіруіне жақын қалды. Биыл Рамазан оразасы маусым айының 6 -сынан басталады. Мұсылмандар үшін құлшылық айы, әрі бес парыздың бірі болған Рамазан оразасы туралы сұрақтарға Мұнайлы аудандық мешітінің бас имамы Айдос Муталиев жауап береді.



1. Сұрақ: Рамазан оразасының артықшылығы қандай?
Жауап: Рамазан оразасы - Исламдағы бес парыздың бірі. Оған Құран мен сүннет дәлел. Алла Тағала Құранның Бақара сүресінің 183-ші аятында "Ей, иман келтіргендер! Өздеріңнен бұрынғыларға парыз етілгендей сендерге де ораза парыз етілді" деді. Ал пайғамбарымыз (с.а.с.): "Кім рамазан айында иманмен және үмітпен

ораза тұтса, оның бұрынғы өткен күнәлары кешіріледі " деді.

2. Сұрақ: Ораза ұстаушыға қойылатын ең басты талаптар.

Жауап: Ораза ұстаушы алдымен ниетін Алла разылығы үшін етіп, сонан соң Құран мен сүннетке сәйкес ұстауы тиіс. Яғни оразаны денсаулықты жақсарту немесе адамдарға жақсы көріну үшін емес, Алланың бұйрығы, Оттан қалқан болатындығы, Жәннатқа жеткізетіндігі үшін ұстауы тиіс. Оразаның сыртқы шарттары – таңнан кешке дейін ас пен судан, жыныстық қатынастан тыйылу. Адам ораза ұстағанда ішіп-жеуден ғана бас тартпайды, оның тәні күнадан, харамнан тыйылады.

3. Сұрақ: Рамазан айындағы көңіл бөлетін нәрселер?

Жауап: Оразамыз қабыл болып, пайдасы тию үшін мына нәрселерді орындау керекпіз. Намаз оқу және оған ұқыпты болу. Өйткені намаз - діннің тірегі. Егер жаңадан ауыз бекітіп жатқандар болса, намазды да қоса үйренгені жөн. Көркем мінез- құлықты ұстану. Адамдармен жаман қарым -қатынас жасаудан, өтірік сөз өсек айтудан бойды аулақ ұстау керек. Адамның мінез-құлқын бұзып, оразаға керағар келетін телебағдарламалар мен фильмдер қарамау.Туған - туыстар мен мұқтаждарға садақа беруді көбейту. Алланы жиі еске алу. Құран оқу, дұғалар жаттау. Пайдалы дәрістер тыңдау үшін мешітке бару. Ұйықтап қалып, сәресі мен таң намазын жіберіп алмас үшін түнде ұзақ отырмаған жөн. Іс амалдарды ерте таңда орындаған абзал. Алла Елшісі: "Ей, Алла! Үмметім үшін ерте тандарын берекелі етпейсің" деген. Ауызашарда тамақты шектен тыс қарпымау. Бұл оразаның пайдасын кемітеді, әрі денсаулыққа зиян тигізеді.

4. Сұрақ: Ораза кезінде емізулі сәбиі бар аналар не істесе болады?

Жауап: Аяғы ауыр немесе емізулі баласы бар әйелдерге ораза тұтпауға рұқсат беріледі. Бірақ ол қаза болған күндердің қазасын өтеуі тиіс. Пайғамбарымыз (с.а.с.) былай дейді: «Алла Тағала оразаны және намаздың жартысын жолаушыға жеңілдетті, әрі Ол аяғы ауыр және емізулі баласы бар әйелдерге оразаны жеңілдетті» деген.

5. Сұрақ: Ораза ұстаушы ұмытып, тамақ жеп қойса, не болады?

Жауап: Әбу Һурайрадан жеткен хадисте Пайғамбарымыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын): «Ұмытып жеп не ішіп қойған адамның оразасы бұзылмайды, өйткені, расында, оны тамақтандырып, сусындатқан – Алла» деген. (Әл-Бұхари 1933, Муслим, 2/171).

6. Сұрақ: Ауызашар алдында не айту керек?

Жауап: "«Аллаһумма ләкә сумту уә бикә әәмәнту уә ‘аләйкә тәуәккәлту уә ‘ала ризикә әфтарту уә саумәлғәди мин шәһри Рамадана нәуәйту, фәғфирли мә қаддамту уә мә аххарту».

Аудармасы: «Аллаһым! Сенің ризалығың үшін ораза ұстадым. Сенің берген ризығыңмен ауымды аштым. Саған иман етіп, саған тәуекел жасадым. Рамазан айының ертеңгі күніне де ауыз бекітуге ниет еттім. Сен менің өткен және келешек күнәларымды кешір».

7. Сұрақ: Сәресіге ұйықтап қалсам, не болады?

Жауап: Сәресі ішу – парыз емес, бірақ пайғамбарымыздың (с.а.с.) сүннеті. Ұйықтап яки басқа себептермен сәресіні өткізіп алғандар ештеңе ішіп-жеместен ораза ұстауын ары қарай жалғастыра береді. Бірақ сәресіні жіберіп алмауға тырысқан жөн. Хадисте: «Сәресі ішініздер, себебі сәресіде берекет бар. Бір жұтым су ішкендер де, сәресіні тастамаңдар. Себебі сәресіге тұрғандарға Алла Тағала рақым етіп, періштелер кешірім тілейді», - делінген.

8. Сұрақ: Ораза кезінде тіс тазалауға бола ма?

Жауап: Ораза кезінде тіс тазартқышты қолдануға рұқсат етілген. Өйткені Амир ибн Раби’а деген сахаба: «Мен Алла Елшісінің (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) ораза ұстап жүргенде, тістерін сиуақпен (тіс тазалағышпен) тазалағанын талай рет көрдім», – деген. Ескеретін нәрсе, ауызға тіс тазалағыш пастаның дәмі кетіп қалмауы қажет.

9. Сұрақ: Ораза кезде суға (теңізге, душқа) түсуге бола ма?

Жауап: Болады, қажет кезде шомылуға болады. Алла Елшісі (с.а.с.) ораза кезінде шыжыған ыстықтан құтылу мақсатымен басына су құятын болған. Бірақ сақтық мақсатында суға түсуді ауыз ашқаннан кейін орындаған жақсы. Ауызға су кетпеуді қадағалау керек.

10. Сұрақ: Тарауық намазын міндетті түрде мешітке оқу қажет пе?

Жауап: Еркек адам мешітке оқуға тырысуы тиіс. Ал әйел адамның үйде оқығаны абзал. Күйеуі рұқсат берсе, мешітке оқуына тыйым салынбайды. Өйткені пайғамбарымыз (с.а.с.): "Әйел кісілердің мешітке келуіне тыйым салмаңдар" деген. Алайда үйде отырғаны абзалырақ.

Алғаш рет ораза ұстаушыға арналған пайдалы кеңес

Әне, Рамазан айы қол бұлғап шақырып тұр! Ал сіз биыл алғаш рет ораза ұстамақсыз. Санаңызды алуан түрлі сауалдар билеп, қобалжып жүрген шығарсыз, солай ма? Иә, көп адамды «мынадай ыстық күнде ас-сусыз бір ай бойы қалай аш жүремің?» дейтін сұрақтың мазалайтыны анық. Ал бір жағынан, Аллаға ұнамды амал жасап, сауап та алғыңыз келеді. Сонымен бұл тығырықтан қалай шығуға болады?

1. Сіз ораза ұстайтын жалғыз адам емессіз. Бұл оразаны сізге дейін де миллион адам ұстаған және Алла қаласа, сізден кейін де каншама адам жалғастырады. Және олардың бәрі де бұл айды өте жақсы нәтижемен өткерді. Бірі нәпсісін тізгіндеп, өзгелермен қарым-қатынасын, мінезін түзеп алса, енді бірі білім деңгейін жетілдіріп, рухани қуат, азық алды. Сонымен бірге ораза – бір ай бойы аш жүру деген сөз емес. Бар болғаны сіз күндіз ішетін тамақтарыңызды енді түнде ішетін боласыз. Олай болса, оразаның құндылықтары, Алла алдындағы дәрежесі туралы толығырақ білуге асығыңыз, жиі еске алыңыз. Бұл сіздің оразаға деген құлшынысыңызды арттырады. «Биыл ұстамай-ақ қойып, келесі жыл бар ғой» деген секілді ой келсе, қуылған шайтанның Аллаға сыйыныңыз (Әбузу билләһи минәш-шайтонир-рожиим»). Себебі адамды құлшылықтан тосу, азғыру лағынеті – шайтанның ісі.

2. «Биыл ораза ыстық мерзімге түсіп тұр ғой, әй, шыдай алмаймын-ау» деген ой маза бермей жатыр ма? Ғалымдар адамның қарнында өз денесін 2 тәулік бойы алып жүруге жеткілікті деңгейде тамақ болатынын дәлелдеген. Осы тұста “онда неге адамның қарны ашады?” деген заңды сұрақ туады. Расында, неге? Естеріңізде ме, әлгі итке жасалған тәжірибе бар еді ғой. Күнде бір кәнденге жүйелі түрде бір уақытта тамақ беріледі. Бірде иттің тамағын тесіп, ішіне түтік салады да, күнде дәл сол уақытта беретін тамақты әкелмей қояды. Сол кезде ит тыпыршып, мазасыздана бастайды. Ал әлгі түтіктен сөл тамшылайды. Яғни адам белгілі деңгейде бір уақытта жүйелі түрде тамақтанып үйреніп қалғандықтан, қарны аш болмаса да, асқазанына сөл бөлініп, ол миға қарнының ашқандығы туралы жалған ақпарат береді екен. Демек адам ашығып бара жатқандығынан емес, ең әуелі жүйелі келетін тамақтың келмей қалғандығынан қиналады. Ең бастысы, «тамақ ішуді керек еді» деген ой аштыққа шыдатпайды екен. Есіңізде болсын! Алла Тағала адамға шамасы келмейтін нәрсені жүктемейді!

3. Бірнеше жыл бойы Рамазан оразасын ұстап жүрген білімді, салиқалы кісілермен сұхбат құрыңыз. Кеңес сұраның. Тіпті оразаны бір рет қана және биыл бірінші рет тұтқалы отырған адамдармен де пікір алысыңыз.

4. Ислам сіздің, біздің ойымыздан, көңіл қалауымыздан тұрмайды. Бұл әлемдердің Раббысының діні болғандықтан, ненің дұрыс, ненің бұрыс екендігін Иесі ғана шешеді. Алла Тағала Құранда: «Алланың тура жолынсыз көңіл құмарлығына ергеннен өткен адасушы бар ма?» («Қасас» сүресі, 50-аят), (Ей, Мұхаммед!) Содан кейін сені істе (дінде) шарият жолына салдық. Енді соған ер және білмейтіндердің көңіл құмарлығына ерме» («Жәсия» сүресі, 18-аят), – дейді. Сол себепті дерек көздері көрсетілген, сенімді кітаптардан оразаны дұрыс тұтудың жолдарымен танысыңыз, мешіт имамына барып, кеңес сұраның.

5. Нашар әдеттеріңізді тастауға бел буыңыз. Ғайбат, өсек-өтірік айту секілді нашар қасиеттерді біртіндеп жеңуге тырысыңыз. Пайғамбарымыз (оған

Мейірімді, рахымды Алланың атымен бастаймын!

РАМАЗАН – МҰСЫЛМАНДАРДЫҢ ҰЛЫҚ АЙЫ

«Рамазан – адамдарға тура жол нұсқаушы, ақ пен қараны бекем тұтынатын жолбасшы ретінде Құран түсіріле бастаған ай. Рамазан айы туғанын көрген адам бірден ораза ұстайтын болсын. Егер біреулер ауру болып, әйтпесе жолсапарда жүрсе, онда басқа күндерде өтесін. Алла сендерге жеңілдік қалайды, ауырлық түсіргісі келмейді» («Бақара» сүресі, 185-аят)

ҚАСИЕТТІ РАМАЗАН АЙЫНДАҒЫ ОРАЗА ҰСТАУ МЕН НАМАЗ ОҚУ УАҚЫТЫНЫҢ КЕСТЕСІ

Ақтау қаласы бойынша 2016 жыл – хижраша 1437 жыл

Рамазан айының реті	Апта күндері	Маусым және шілде айы	Таң намазы	Күннің шығуы	Бесін намазы	Екінгі намазы	Ақшам намазы (ауыз ашу)	Құптан намазы
1	Дүйсенбі	06-06-2016	4:07	5:55	13:35	18:53	21:17	23:02
2	Сейсенбі	07-06-2016	4:06	5:54	13:35	18:53	21:18	23:03
3	Сәрсенбі	08-06-2016	4:06	5:54	13:36	18:53	21:18	23:04
4	Бейсенбі	09-06-2016	4:05	5:54	13:36	18:54	21:19	23:05
5	Жұма	10-06-2016	4:05	5:54	13:36	18:54	21:19	23:06
6	Сенбі	11-06-2016	4:04	5:53	13:36	18:55	21:20	23:06
7	Жексенбі	12-06-2016	4:04	5:53	13:36	18:55	21:21	23:07
8	Дүйсенбі	13-06-2016	4:04	5:53	13:37	18:55	21:23	23:08
9	Сейсенбі	14-06-2016	4:03	5:53	13:37	18:56	21:23	23:08
10	Сәрсенбі	15-06-2016	4:03	5:53	13:37	18:56	21:23	23:09
11	Бейсенбі	16-06-2016	4:03	5:53	13:37	18:56	21:23	23:09
12	Жұма	17-06-2016	4:03	5:53	13:37	18:57	21:24	23:10
13	Сенбі	18-06-2016	4:03	5:53	13:38	18:57	21:24	23:10
14	Жексенбі	19-06-2016	4:03	5:53	13:38	18:57	21:24	23:11
15	Дүйсенбі	20-06-2016	4:03	5:54	13:38	18:57	21:24	23:11
16	Сейсенбі	21-06-2016	4:03	5:54	13:38	18:58	21:24	23:11
17	Сәрсенбі	22-06-2016	4:04	5:54	13:39	18:58	21:24	23:11
18	Бейсенбі	23-06-2016	4:04	5:54	13:39	18:58	21:24	23:11
19	Жұма	24-06-2016	4:04	5:55	13:39	18:58	21:24	23:11
20	Сенбі	25-06-2016	4:05	5:55	13:39	18:58	21:24	23:11
21	Жексенбі	26-06-2016	4:05	5:55	13:39	18:58	21:24	23:11
22	Дүйсенбі	27-06-2016	4:06	5:56	13:40	18:58	21:24	23:11
23	Сейсенбі	28-06-2016	4:06	5:56	13:40	18:58	21:24	23:11
24	Сәрсенбі	29-06-2016	4:07	5:57	13:40	18:59	21:24	23:10
25	Бейсенбі	30-06-2016	4:08	5:57	13:40	18:59	21:24	23:10
26	Жұма	01-07-2016	4:08	5:58	13:40	18:59	21:24	23:10
1-ші шілдеден 2-ші шілдеге қараған түн Қадір түні								
27	Сенбі	02-07-2016	4:09	5:58	13:41	18:59	21:23	23:09
28	Жексенбі	03-07-2016	4:10	5:59	13:41	18:59	21:23	23:09
29	Дүйсенбі	04-07-2016	4:11	5:59	13:41	18:58	21:23	23:08

ЕСКЕРТУ: Биыл, яғни 2016 жылы мұсылмандық ай күнтізбесі бойынша Қасиетті Рамазан айы 29 күн.

Шілденің 1-нен 2-не қараған түн Ләйләтул Қадр, яғни «Қадір түні».

Сәресін ішу таң намазының кіруіне 10 минут қалғанда тоқтатылады.

Ауызды ақшам намазының уақыты болысымен құрмамен немесе сумен және т.б. жеміспен де ашуға болады.

Тарауих намазы құптан намазының парызынан кейін оқылады, ал Үтір-уәжіп намазы ең соңынан жамағатпен оқылады.

Пітір-садақаны рамазан айының басынан айт намазына дейін беруге болады. Пітір садақа облыс бойынша 200 теңге.

5-шілде сенбі күні Ораза айт мейрамы басталады. Айт намазы Ақтауда 7:00-де оқылады.

Оразаға ниет: «Алла Тағала үшін мұбарак Рамазан айының оразасын ұстауға таңнан күн батқанға дейін ниет еттім».

Ауызашар дұғасы: «Жаратқан Ием! Сен үшін ораза ұстадым. Саған иман келтірдім. Саған тәуекел еттім. Сен берген ризық-несібеңмен ауыз аштым. Кешірімді

Алла! Менің алдыңғы және соңғы күнә-кемшіліктерімді кешіре гөр!»

ҚҰРМЕТТІ МҰСЫЛІМАН БАУЫРЛАР!

Алла Тағала ұлық айдағы құлшылықтарыңызды қабыл етсін! Сауапты амалдарыңыз көп болғай!

Маңғыстау облыстық орталық мешіті

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының
(Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Маңғыстау облысы бойынша
департаменті басшыларының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін
қабылдау күндері туралы
К Е С Т Е

Мемлекеттік мекеменің атауы	Аты-жөні, тегі	Атқаратын лауазымы	Қабылдау күні, уақыты	Орналасқан жері	Байланыс телефоны
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) Маңғыстау облысы бойынша департаменті	Нәлібаев Максұт Ыбрайханұлы	Департамент басшысы	Күнделікті 9.00-19.00 Үзіліс 12.30-14.30	Ақтау қаласы, 23 шағын аудан, 100 үй	31-91-12
	Омарғалиев Даурен Батырғалиұлы	Департамент басшысының орынбасары	Дүйсенбі, сәрсенбі, жұма 9.00-18.00 Үзіліс 12.30-14.30	Ақтау қаласы, 23 шағын ауданы, 100 үй	31-91-10
	Ербөлек Махамбет Аманқосұлы	Департамент басшысының орынбасары	Сейсенбі, бейсенбі 9.00-18.00 Үзіліс 12.30-14.30 сенбі 10.00-12.30	Ақтау қаласы, 23 шағын ауданы, 100 үй	31-91-10

МОБИЛЬДІК ХҚКО ҚҰРАМЫНА ЕҢБЕК КОМИТЕТІ
ЖӘНЕ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ БАСҚАРМАЛАРЫНЫҢ
ӨКІЛДЕРІ ҚОСЫЛДЫ

Шалғай ауылдық округтерінің халқына ыңғайлы болу үшін құрылған мобильдік халыққа қызмет көрсету орталықтары көрсетілетін кеңестердің ауқымын кеңейтті. Енді «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы департаменттерінің қызметкерлерімен бірге еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің, сондай-ақ жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының өкілдері шығатын болады.

Бүгінгі таңда мемлекеттік корпорация арқылы ұсынылатын 530 мемлекеттік қызмет қазақстандықтарға мобильдік ХҚКО-лары арқылы қолжетімді. Жобаны іске қосқан сәттен бастап 66 бірлескен сапар жүзеге асырылды, олардың барысында ауыл тұрғындары тек мемлекеттік қызметтерді ғана алып қоймай, әлеуметтік қорғау, жұмыспен қамту және жаңа мамандықтарға оқыту мәселелері бойынша да кеңестер алды.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ филиалы – «Халыққа қызмет көрсету орталығы» дирекциясы директорының орынбасары

Шоқан Әбділмановтың айтуы бойынша мобильдік ХҚКО-лар жергілікті атқарушы органдардың келісімі бойынша бекітілген кестелер бойынша шығады. «Мобильдік ХҚКО-лар ауыл тұрғындарының қаржысы мен уақытын үнемдеу үшін құрылған болатын. Көрсетілетін қызметтердің ауқымы мен сервистерін кеңейту оларды ауыл тұрғындары үшін неғұрлым танымал етуде. 2016 жылғы 4 ай ішінде 4 755 сапар жүзеге асырылды, олар 1 316 елді мекенді қамтыды», - дейді Әбділманов.

Республиканың 14 өңірінде 70 мобильдік ХҚКО жұмыс істейтінін естеріңізге саламыз. Жыл басынан бастап мобильдік ХҚКО-лар 127 063 мемлекеттік қызмет көрсетті.

Сапарлар кестесін «Халыққа қызмет көрсету орталығы» дирекциясының ресми порталында, аудандық әкімдіктердің және өңірлік БАҚ сайттарында көруге болатынын атап өтеміз.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ баспасөз қызметі
тел.: 8 7172 55 85 99

Құрметті азаматтар!

Егер Сіздерден қорқытып ақша алатын, пара беруге мәжбүрлейтін, кәсіпкерлік қызметке кедергі болатын, байлық және басымдықтар ұсынатын болса немесе Сіз сыбайлас жемқорлық фактілері туралы қандай да бір ақпаратты білетін болсаңыз, **1424 нөмірі бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке** хабарласыңыз.

Мамандар сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, сондай-ақ Сыбайлас жемқорлық қызметке түсу мәселелері бойынша Сіздерге білікті құқықтық көмек көрсетеді.

Қазақстан бойынша қоңырау шалу – тегін!

Сіздердің бірде-бір қоңырауларыңыз назардан тыс қалмайды!

Құрметпен, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет.



СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚЫЗМЕТ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ІСТЕРІ МИНИСТРЛІГІНІҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ҰЛТТЫҚ БЮРОСЫ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің 1424 Call-орталығының жұмыс графигі

9.00-18.30 (жұмыс және мереке күндері үзіліссіз)

9.00-13.00 (сенбі)

Түнгі уақытта және демалыс күндері

Сыбайлас жемқорлық фактілері туралы телефон хабарламалар қабылдау және консультация

Call-орталықта қоңырауларды жазып алу автоматты түрдегі режимде жүзеге асырылады

Біздің міндет – халыққа қызмет!

www.anticorruption.gov.kz

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚЫЗМЕТ

Сыбайлас жемқорлық фактілері туралы ақпаратты

1424

телефоны бойынша сеніп тапсыра аласыздар

Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін



1-маусым – Балаларды қорғау күні. Бұл балғын бүлдіршіндеріміз үшін ең қуанышты және жыл сайын күтетін басты мерекелерінің бірі. Жалпы алғанда, бөбектерге қамқорлық көрсету, олардың құқықтарын қорғау тек белгіленген бір күні емес, әрқашан да үлкендердің назарында.

Аталмыш мерекенің қарсаңында №3 «Ер-Төстік» балабақшасында «Бақытты балалық» атты мерекелік шара болып өтті. Бұл мерекеге балалармен бірге ата-аналар да белсене ат салысып, өз өнерлерін ортаға салды. Балабақша тәрбиешілері мен ата-аналар бүлдіршіндерге бірлесіп қуаныш сыйлады.

Ж. УМБЕТОВА,
№3 «Ер-Төстік» балабақшасының тәрбиешісі.

Маңғыстау ауылы әкімі орынбасарының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалар мен олардың өкілдерін жеке қабылдау күндері мен уақытының КЕСТЕСІ

№	Т.А.Ә	Қабылдау күндері	Қабылдау уақыты
1	Қасымов Бекболат Алхамұлы	Аптаның әр сәрсенбі, жұма күндері (жыл бойына тұрақты)	Сағат 9:00-12:00 дейін

Мекен-жайы: Мұнайлы ауданы, Маңғыстау ауылы, 18 квартал, 1-ғ имарат, байланыс телефоны: 46-52-55

МҰНАЙЛЫ АУДАНЫ
ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің нормаларын түсіндіру жұмыстарын жүргізу мақсатында Call-орталығы ашылғандығын хабарлаймыз. Сіздің сұрақтарыңызға Мұнайлы аудандық жер қатынастары бөлімі, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі, «Жер ҒӨО» РМК мамандары жауап береді.

Жұмыс уақыты: 9.00 – 18.30-ға дейін, байланыс телефоны: 46-58-80

«ӨЗІҢНЕН БАСТА» АКЦИЯСЫ

Акция аясында "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік кірістер комитеті Маңғыстау облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің Мұнайлы ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысы Таңатар Марат Нұрымұлының мүлкі мен 2015 жылға табысы жөніндегі ақпарат:

- Тіркелген мүлкі – мемлекеттік нөмірі 715 DEA 12 CHEVROLET CRUZE маркалы жеңіл автокөлік;
- Мұнайлы ауданы, Батыр селосы, Тамшалы шағын ауданы, 12 көше, 66 учаскесінде тұрғын үй құрылысын салу үшін жер телімі.
- 2015 жылға табысы - 2 496 564 теңге.
- Зейнетақы қорында жинақталған қаржысы - 1 943 169 теңге.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН

Тлепов Нурлыбай Мағзамовичтің атына берілген құрылыс жөніндегі қабылдау комиссиясының акті жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын. ***

Мұнайлы ауданы, Басқұдық селосы, Алау ауылы, Балдырған көшесі, 30 үй мекенжайы бойынша **Хожабаева Жемалдың** атына берілген құжаттары (шешімі, келісім шарты, жер жоспары, мемлекеттік акті, техникалық құжаты) жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын. ***

Мереев Рет Эрелбаевичтің атына берілген Lada Нива автокөлігінің техпаспорты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын. ***

Мұнайлы ауданы Қызылтөбе-2 ауылы 1208 учаскесі бойынша **Аманбаева Рысты Ильясовнаның** атына жалға берілген дүкеннің шешімі мен мемлекеттік акт құжаты жоғалғандығына байланысты жарамсыз деп танылсын. ***

«Маңғыстау Жылу» МКК теңгеріміндегі Каток дорожный LT207G және ЗИЛ Мдк 4333362 автокөліктерінің техникалық құжаттарының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын. ***

Маңғыстау селосындағы №26 орта мектепті (қазіргі №1 жалпы білім беру мектебі ММ) 2004-2005 оқу жылында бітірген **Габдғалимова Гүлбану Батрхановнаның** атына берілген ОБ № 1330582 орта білім беру туралы аттестаттың жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Меншік иесі:

**МАҢҒЫСТАУ МЕДИА**

Директор -
Дархан УӘЛИХАНОВ

**МҰНАЙЛЫ**

аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 6.02.2013 ж. есепке қойылып, №13358-Г куәлігі берілген.

Редактор – Сағындық РЗАХМЕТОВ

Тілшілер: Шахида ЖҰМАН, Әсел ТАҢАТАРОВА, Анаргүл ЖЕКЕМБАЙҚЫЗЫ

Газет “Маңғыстау - Медиа” ЖШС Ақпарат және дизайн орталығында беттелді.

Жетекшісі - Әбдіғалым СӘРКЕНОВ
Беттеуші дизайнер - Асем РАБАЕВА

«CASPY PRINT» ЖШС баспаханасында басылды. 130000, Ақтау қаласы, 22 ш/а, тел: 750999, 750666.

Таралымы: 1900. Индекс: 66553. Газеттің бағасы келісімді.

■ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді.

■ Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

■ Жарнама, хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бәрмейді.

■ Редакцияға жолданған материалдарға рецензия жасалмайды және қолжазба авторға қайтарылмайды.

■ Тақырыптық суреттер ғаламтордан алынады

АУА РАЙЫ БОЛЖАМЫ

3 маусым түнде: +18 | күндіз: +23

4 маусым түнде: +19 | күндіз: +20

5 маусым түнде: +16 | күндіз: +24

6 маусым түнде: +18 | күндіз: +26

7 маусым түнде: +20 | күндіз: +31

Мекен-жайымыз: Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауылы, Ардагерлер үйі. Тел: 8 (7292) 46 57 32, e-mail: munaily@mail.ru